

Авторлар туралы мәліметтер:

Егенисова Алмажай Кулжановна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 19а-32/1-67, тел.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Шарипова Айгерим Батырсариевна – PhD докторант, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 32а-1-37, тел.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Калиева Эльмира Измухановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., тел.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Мендалиев Балгабай Мырзабаевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., тел.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

Егенисова Алмажай Кулжановна* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 19а-32/1-67, тел.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Шарипова Айгерим Батырсариевна – PhD докторант, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 32а-1-37, тел.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Калиева Эльмира Измухановна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, тел.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Мендалиев Балгабай Мырзабаевич – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, тел.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

Yegenissova Almazhay Kulzhanovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, 19a-32/1-67, tel.: 87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Sharipova Aigerim Batyrsariyevna – PhD student, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, 32a-1-37, tel.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Kaliyeva Elmira Izmukhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, 130000, Aktau, tel.: 87013422448, e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz.

Mendaliyev Balgabay Myrzabayevich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, tel.: 87013947026, e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz.

XҒТАР14.35.09

ӨОЖ 378:78

<https://doi.org/10.52269/SRDG2612071>

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКАСЫ РЕТІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Жақаева С.Ә. – педагогика ғылымдарының кандидаты, өнер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Нарикбаева Л.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Эстрада оркестрінің аспаптары» кафедрасы, Музыкалық өнер» факультеті, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Ахметова А.Қ.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Айсина С.Т. – педагогика магистрі, өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Зерттеудің мақсаты – болашақ музыка мұғалімінің педагогикалық техникасына жататын шешендік өнерге қатысты ғылыми еңбектерге жасалған талдау негізінде шешендік өнердің

маңызы және оның кәсіби іс-әрекеттегі қажеттілігін анықтау. Мақаланың ғылыми маңыздылығы музыка мұғалімі үшін шешендік өнердің мәні мен мазмұнын нақтылау болып табылады. Сондықтан да мақалада шешендік өнер жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде болашақ музыка мұғалімінің педагогикалық техникасы ретінде қарастырылады. Жұмыстың міндеттерін шешу үшін келесі диагностикалық әдістер қолданылып, жүзеге асырылды: мектептегі музыкалық оқу үрдісін қадағалау және талдау; білім алушылармен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізу, аннотация жаздыру. Зерттеуде «шешендік өнер» ұғымына жан-жақты түсініктемелер берілді. Сонымен қатар зерттеу мәселесі тәжіригінде білім алушылардың деңгейлері қарастырылған әдістермен тексерілді. Яғни тақырыпты білім алушылардың өз деңгейлерінде меңгерілмегенін анықтап, зерттеу проблемасына қатысты ғылыми зерттеулерді талдай отырып, теориялық мағлұматтар беру көзделді. Білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында теориялық материалдар негізінде практикалық сабақ ұйымдастырылып, педагогикалық эксперимент жүргізілді. Педагогикалық экспериментте білім алушылармен бақылау, сұрақтар қою, сұхбат, аннотация жазу, ауызша талдау сияқты әдістер қолданылды. Байқалған кемшіліктерді ескере отырып, оны түзету бағытында практикалық жұмыстар жүргізілді. Зерттеу нәтижелері берілген тапсырмаларға білім алушылардың берген жауаптарынан айтарлықтай сауаттылық деңгейінің артқанын көрсетті. Бұл зерттеу жұмысында болашақ музыка мұғалімдері шешендік өнерді пайдаланудың әдістері негізінде өзіндік зерттеу нәтижелерін ұсынды. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы педагогикалық пәндер бойынша сабақтарда, оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.

Түйінді сөздер: болашақ музыка мұғалімі, риторика, педагогикалық техника, сөз өнері, кәсіби сөйлеу, верьбалдық құрал.

ОРАТОРСКОЕ ИСКУССТВО КАК ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНИКА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Жақаева С.А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Нарикбаева Л.М. – доктор педагогических наук, профессор, факультет музыкального искусства, кафедра инструментов эстрадного оркестра, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, г. Алматы, Республика Казахстан.

Ахметова А.К.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры музыки, профобучения и дизайна, Центрально-Азиатский Инновационный университет, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Айсина С.Т. – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Цель исследования – на основе анализа научных трудов, посвящённых ораторскому искусству как компоненту педагогической техники будущего учителя музыки, определить значимость ораторского искусства и необходимость его применения в профессиональной деятельности. Научная значимость статьи заключается в уточнении сущности и содержания ораторского искусства для учителя музыки. В связи с этим в статье ораторское искусство рассматривается как педагогическая техника будущего учителя музыки в образовательном процессе высших учебных заведений. Для решения задач исследования были применены и реализованы следующие диагностические методы: наблюдение и анализ музыкально-образовательного процесса в школе; проведение опросов и бесед с обучающимися, написание аннотаций. В исследовании дано всестороннее толкование понятия «ораторское искусство». Кроме того, с использованием выбранных методов были проверены уровни сформированности данного качества у обучающихся в контексте исследуемой проблемы. Было выявлено, что тема недостаточно усвоена обучающимися на соответствующем уровне, в связи с чем, на основе анализа научных исследований по данной проблеме, предусматривалось представление теоретических сведений. В целях обеспечения качественного образования на основе теоретического материала были организованы практические занятия и проведён педагогический эксперимент. В ходе педагогического эксперимента применялись такие методы, как наблюдение за обучающимися, опрос, беседы, написание аннотаций, устный анализ. С учётом выявленных недостатков были проведены практические работы, направленные на их коррекцию. Результаты исследования показали заметное повышение уровня грамотности обучающихся по итогам выполнения предложенных заданий. В рамках данного исследования будущие учителя музыки представили собственные результаты на основе методов использования ораторского искусства. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования его результатов на занятиях по педагогическим дисциплинам в высших учебных заведениях, а также на курсах повышения квалификации преподавателей.

Ключевые слова: будущий учитель музыки, риторика, педагогическая техника, словесное искусство, профессиональная речь, вербальные средства.

ORATORY AS A PEDAGOGICAL TECHNIQUE OF A FUTURE MUSIC TEACHER

Zhakayeva S.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of arts, Akhmet Baytursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Narikbayeva L.M. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of instruments of the variety orchestra, Faculty of musical art, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Akhmetova A.K.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of music, vocational training and design, Central Asian Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Aissina S.T. – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

The research purpose is to determine the significance of oratory and its necessity in professional activity through analysis of scholarly works that examine oratory as a component of the pedagogical technique of the future music teacher. The scientific significance of the article lies in clarifying the essence and content of oratory in the professional training of music teachers. Accordingly, oratory is considered as an integral component of pedagogical technique within the educational process of higher education institutions. To achieve the research objectives, a set of diagnostic methods was applied, including observation and analysis of the school music education process, questionnaires and interviews with learners, and analysis of learners' written annotations. The study offers a comprehensive interpretation of the concept of "oratory" and examines learners' levels of mastery related to the research problem. Diagnostics revealed that the topic had not been sufficiently mastered, which required providing theoretical knowledge based on analysis of relevant scholarly research. On the basis of theoretical materials, practical classes were organized and a pedagogical experiment was conducted. During the experiment, observation, questioning, interviews, annotation writing, and oral analysis were used. Identified shortcomings were addressed through specially designed practical activities aimed at improving learners' oratory skills. The results demonstrated a significant increase in learners' literacy and communicative competence, as confirmed by their performance on assigned tasks. Within the framework of this research, future music teachers presented their own results based on methods of using oratory. The practical significance of the research lies in the possibility of applying its results in classes on pedagogical disciplines at higher education institutions, as well as in advancement courses for teachers.

Key words: future music teacher, rhetoric, pedagogical technique, verbal art, professional speech, verbal means.

Кіріспе. Қоғамда болып жатқан өзгерістер өскелең ұрпақты тәрбиелеуге әсер етпей қоймайды. Атап айтқанда, заман талабы жоғары оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдерін дайындау барысында білім беру процесінің мазмұнын жан-жақты қарастыра отырып, жаңартуды қажет етеді. Демек, кез келген педагог-музыканттың шешендік өнері өзекті тақырыптардың бірі болып есептеледі.

Ал тәжірибесіз, ақыл-ойы мен көңіл-күйі құбылмалы, өзін әлі де танып білмеген білім алушыларға дем беріп ынталандыратын, жүректерін музыка арқылы оятып, осы музыканың мазмұнын дәл түсіндіре алатын күш – музыка мұғалімінің қарым-қатынасы. Олай болса, педагог-музыканттың жеке өзінің шеберлігі арқылы қарым-қатынас жасай отырып жандандыруы, міндетті түрде, оның шешендік шеберлігіне, яғни шешендік өнеріне байланысты.

Музыка мұғалімі өзінің аудиториясына яғни тыңдаушы-оқушыларына нақты да анық сөзін, яғни өз ойын, идеясын жеткізуге ұмтылады. Демек, сөздің тазалығы яғни анық айтылуы, оның құлаққа жағымды болуы – басты талап, басты шарт. Сонымен қатар бұл талап әншілерге де, актерлерге де қатысты. Ал көпшілік алдында еркін сөйлей білу – тамаша өнер. Әсіресе, сөз өнері шығармашылық үрдісте аса маңызды, сондай-ақ ол адамның шексіз мүмкіндіктерін ашуға қабілетті.

Зерттеуші-ғалымдар «педагогикалық техника» ұғымына анықтама бергенде, кездесіп отыратын көптеген айырмашылықтарға қарамастан, оның мағынасы мен мазмұнын түсіндіруде, соның ішінде вербальдық (сөйлеу) және вербальдық емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ымдау, пантомима, дауыс тембрі және т.б.), салыстырмалы түрдегі көзқарастар бірлігі байқалады. Осы тұста біз музыка мұғалімінің педагогикалық техникасының вербальдық (сөйлесу) құралы болып табылатын шешендік өнерді қарастырмақпыз.

«Шаршы топта сөз бастаудың қиыны жоқ» – деп Бұқар жырау айтқандай, түсінікті, анық, орынды, қисынды, шынайы сөйлеу де өнер. Тарихқа жүгінсек, ата-бабаларымыз сөздерді дұрыс таңдап қолдануды, анық және шынайы сөйлей білуді аса жоғары бағалағанын көреміз [1]. Мәселен, атақты әнші апамыз Роза Бағланованы тыңдағандар оның тек әсем үніне ғана емес, әрбір әннің сөзін анық айтқаны үшін де мейлінше тәнті болған.

Зерттеудің мақсаты: болашақ музыка мұғалімінің педагогикалық техникасын қалыптастыруда вербальдық құрал аса қажет. Вербальдық құрал ретіндегі шешендік өнерге қатысты ғылыми еңбектерге жасалған талдау негізінде болашақ музыка мұғалімі үшін шешендік өнердің маңызы және оның кәсіби іс-әрекеттегі қажеттілігін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- музыка сабағында білім алушылардың шешендік өнерді меңгеру деңгейін анықтау;
- студенттерді мектептегі музыка сабағына дайындау үшін әзірленген әдістемені қолданудың қажеттілігі мен тиімділігін анықтау.

Материалдар мен әдістер. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін келесі диагностикалық әдістерді қолданып жүзеге асырдық:

- мектептердегі музыкалық-педагогикалық жұмыстарды қадағалап бақылау және талдау;
- әдіскерлермен, музыка мұғалімдерімен, студенттермен сауалнама және сұхбат жүргізу;
- зерттелушілермен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізу, аннотация жаздыру.

Ежелден бері сөзді меңгеру адамзат өркениетінің ортақ мәдени мұрасы болып саналған. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі ойшыл әрі тілтанушы М.М.Бахтин өзінің еңбегінде адамның әлемдік қауымдастыққа араласу табиғатын түсіндіреді. Ғалымның пікірінше, «өмір сүру – бұл үнемі диалогқа қатысу, яғни сұрақ қою, тыңдау, жауап беру, келісу және өзге де әрекеттерден тұрады. Адам бұл үдерісте тек сөзбен ғана емес, бүкіл болмысымен: жан-дүниесімен, сезімдерімен, дене қимылдарымен, көзқарасымен де белсенді қатысады» [2, 318 б.]. Сөйлеу әрекеті – тыңдаушыға бағытталған диалогтық форма. Егер осы диалогта кері байланыс болмаса (бейвербалды немесе ауызша), онда коммуникация яғни қарым-қатынас үдерісі тоқтайды. Сондықтан да айтушының сөзі тыңдаушылардың жеке белсенділігі мен қабылдау аймағына енуі қажет. Мұнда тек коммуникативтік бағыт қана емес, сонымен қатар ауызша баяндаудың ерекшеліктері, сондай-ақ тіл арқылы қарым-қатынас принциптері де маңызды.

Педагог-музыканттың кәсіби-бағдарлы іс-әрекетінде аудиторияға әсер етудің жеке техникалық әдістерін қарастырып қалыптастыру, ең алдымен, оның оқушылармен өзара әрекеттесу процесінде ашылатын вербальдық және вербальдық емес дағдыларының даму деңгейімен айқындалады.

Шешендік өнер (грекше «Rhetorike» – шешендік сөзінен шыққан) немесе қазақ тілінде жиі қолданылатын «шешендік өнер» ұғымы күрделі және көп қырлы категория болып табылады. Риторика философия, лингвистика, логика, этика, педагогика және психология сияқты ғылым салаларының теориялық-танымдық аппаратында міндетті түрде қарастырылатын құбылыс болып табылады [3].

Шешендік өнердің әсері филологияға жақын бірқатар қолданбалы ғылымдарда – лингвистикалық прагматикада, герменевтика мен поэтикада, сонымен қатар стилистика мен әдебиет теориясында анық байқалады. Қазіргі риторика немесе неорриторика өзінің дәстүрлі нұсқасымен ерекшеленеді, сонымен қатар мәдени аспектіде әлеуметтік және қоғамдық қатынастарды зерттеуге белсенді қатысады. Бұл тұста, әсіресе, негізгі назар когнитивтік үдерістерді ізгілендіру миссиясына аударылады.

Демек, шешендік өнер – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Ол терең ойлауға, тез шешім қабылдауға және қисынға негізделген. Қазақ халқы әу бастан тілді өнер ретінде қастерлеп қадірлеген. Сонымен қатар біздің халқымыз шешендік өнерді қазақтардың маңдайына біткен бақ ретінде бағалаған. Шешендік сөздерге қойылатын талаптар: мазмұнының тереңдігі, сөздерінің маңыздылығы.

Ежелгі грек софистерінің бірі Аристотель шешендік өнерді «барлық өнердің патшайымы» деп бағалай білген [4, 48 б.]. Цицерон бастаған және де адам сөзінің қуатына сенген өзге де ойшылдар мен педагогтар шешендік өнердің теориялық және практикалық негіздерін қалыптастыруға белсене араласқан. Уақыт өте келе, рухани жаңғырудың сан түрлі кезеңдерін бастан кешіре отырып, қазіргі риторика әрбір халықтың ұлттық мәдениетінде, соның ішінде қазақ халқының ауызша бай сөз дәстүрінде өзіндік сипатымен көрініс табады [3], сондай-ақ өзінің шығармашылығында ғасырлар бойы жинақталған мол мүмкіндіктерін көрсетеді.

Қазақ тілі мәдениетінің дәстүрлі үлгілерін қалыптастыру мен өркендетуде сөз құдіретін жоғары бағалаған қазақ ақындары, дана жыраулары мен ағартушы-ғалымдары (Ш.Уәлиханов, І.Алтынсарин, А.Құнанбаев) айрықша үлес қосты. Бұл бастаманы халық даналығының құндылықтарын бойына сіңірген, сондай-ақ әдебиеттану, филологияда, және де оған жақын салаларда табанды еңбек еткен әйгілі қаламгерлеріміз (С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Әуезов және т.б.) жалғастырды. Олар шешендік өнердің жанрлық ерекшеліктерімен сабақтас қазақтың ауызша шығармашылық дәстүрін дамытуға, сонымен қатар ана тілін терең әрі сауатты меңгерту мәселелерін теориялық және практикалық деңгейде жетілдіруге зор ықпал етті [1].

Шешендік өнер «таным мен ағартушылықтың, рухани даму мен адамгершілік құндылықтарын нығайтудың, ізгілікке тәрбиелеудің» негізгі қайнар көздерінің бірі ретінде педагогикалық тәжірибеде үлкен маңызға ие. Ол білім алушыларға таным-тәрбиелік ықпал ету, сонымен бірге жеке тұлғаға эмоционалдық тұрғыдан әсер ету үшін кеңінен қолданылады. Осыған байланысты орынды сұрақ туындайды: сабақ барысында мұғалімнің кәсіби сөйлеу мәдениеті арқылы көрінетін, нақты жұмыс міндеттеріне сәйкес келетін сөйлеу дағдыларын тиімді пайдалануға негізделген вербальдық және вербальдық емес қарым-қатынас түрлерін реттеуге мүмкіндік беретін педагогикалық риториканың сипаты қандай болуы керек? [3].

Ең алдымен, классификация бойынша Н.Е. Щуркова келесі дағдыларға назар аударады: «мағыналы және жүйелі сөйлеуді құра білу, этикалық және психологиялық деңгейде тыңдаушымен бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру, ақпараттық әсер ету процесінде көрнекі материалдар мен құралдарды сауатты пайдалану». Педагогикалық сөйлеу бір жағынан оқыту мен тәрбиелеудің негізгі құралы болса, екінші жағынан мұғалімнің оқушылармен кәсіби қарым-қатынас жасаудағы шеберлігін көрсе-

тетін өнер ретінде қарастырылады [3]. Бұл мәселе К.Д. Ушинский мен А.С. Макаренконың тарихи еңбектерінде, сондай-ақ В.А. Кан-Калик, Ю.Л. Львова, А.А. Мурашов және өзге де зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде жан-жақты талданады. Олай болса, педагогтың шешендік қабілеті оның кәсіби шеберлігінің құрылымымен тікелей байланысты.

Ғалымдардың пікірінше, мұғалімнің шешендік біліктілігі, ең алдымен, өзінің кәсіби сөйлеу әрекетіне өзіндік баға бере отырып, ой елегінен өткізе білуімен анықталады. Осыған орай, оқушылармен ауызша түрінде диалог жүргізу кезінде мұғалім әрқашан келесі техникалық аспектілерді ескеруі керек:

- сөз тіркестері мен сөздерді сауатты және орынды таңдау өнері;
- талқыланатын пән төңірегіндегі терең білім;

- ұсынылған материалды жалпы педагогикалық оқу-танымдық міндеттермен байланыстыра отырып, шебер және логикалық түрде жеткізу;

- кез келген оқыту міндеттерін шешу жолдарын бірлесіп іздеу «аймағына» икемді ену;

- ситуацияға сенімді түрде төтеп бере алу, сыныпта өзара әрекеттесуді орнату және өз ойларын сөзбен жеткізе білу;

- білім алушылармен қарым-қатынастағы сенімділік (Б.Ц.Бадмаев, А.А.Малышев) [5, 65 б.].

Б.Н. Головиннің пайымдауынша, педагогтың кәсіби сөйлеуі белгілі бір ұйымдастыру принциптеріне сүйенетін арнайы тілдік құрылымға негізделеді. Ол тек лингвистикалық қырынан ғана емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыдан да маңызды мәнге ие болып, өзіндік ерекшелігі бар тілдік емес мағыналарды да қамтиды [6, 41 б.]. Соңында, ең алдымен, оның логикалық ұйымдастырылуы сияқты маңызды болып табылатын педагогикалық сөйлеудің мәнерлі қасиеттерінен көрініс табады.

Осы орайда, академик Б.Т.Лихачевтың: «сөз – адамдардың өзара қарым-қатынасындағы әрі негізгі, әрі тиімді құрал. Егер мұғалім шынайы беделге ие болғысы келсе, ол сөз өнерін кемеліне дейін меңгеруі керек» деген терең мағыналы тұжырымын еске түсіру орынды [7, 59 б.]. Тек сонда ғана ора-тор аудиторияның назарын аударып, оларды мағыналы ауызша қарым-қатынасқа тарту үшін арнайы таңдалған әдістерді қолдана отырып, өз өнерін көрсетуге мүмкіндік алады.

Осы тұрғыдан қарағанда, педагогтың кәсіби әрекетінің нәтижелілігі оның педагогикалық техникасында қолданылатын вербальдық тәсілдерге ғана емес, сонымен қатар оқушыларды бірлескен эмоциональдық-саналы ізгілікке баулуға мүмкіндік беретін вербальдық емес құралдарды үйлесімді қолдануына да байланысты. Олай болса, көркем құбылыстар мен әдебиетті талдаған кезде мұндай үйлесім оқушыларда тиісті ойлар мен сезімдерді оятып, оларды рухани байытады.

Жалпы алғанда, мұғалімнің кәсіби сөйлеуіндегі вербальдық және вербальдық емес әрекеттер педагогикалық техниканың негізгі тәсілдерін меңгеру процесіндегі оның қызметін анықтайтын келесі тетіктерді жүзеге асыруға бағытталған. Олар:

- мұғалімнің шығармашылық талаптары мен ұмтылыстарын жүзеге асырудағы жеке тұлғалық әлеуеті;

- педагогикалық ықпал етудің ең пәрменді тетіктерін айқындауда қолданылатын таңдау мен бағалау әдісі;

- нақты іс-әрекетте көрінетін мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы.

Мұғалім мен оқушылардың өзара тиімді ынтымақтастығының бірқатар ерекшеліктері вербальдық қарым-қатынас құралдарының көмегімен қалыптасады. Негізгі функцияларға мыналарды жатқызуға болады:

- *коммуникативтік-ұйымдастырушылық* – ол білім беру процесіне қатысушылардың өзара байланысында жүзеге асырылып, оқыту мен тәрбиелеудің ортақ мақсаттарына қызмет етеді;

- *ақпараттық* – оқу материалын түсінікті әрі сапалы жеткізу барысында, ауызша берілген ойлар мен идеялардың мәнерлілігі арқылы танымдық әрекетті белсендіруге бағытталады;

- *экспрессивтік* – білім алушыларда эстетикалық тұрғыдан дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін тілдің эмоционалды-экспрессивтік мүмкіндіктерін орынды таңдап пайдалануға, сонымен бірге олардың бойында ізгілікке, ақиқат пен сұлулыққа деген сенім мен рухани талпынысты оятуға ықпал етеді [3].

Педагогикалық техникада қолданылатын жалпы әдіс-тәсілдердің ішінде вербальдық емес құралдарға айрықша мән беріледі. Мәселен, оптикалық-кинетикалық таңбалар жүйесін құрайтын мимика мен қимыл-қозғалыс – тыңдаушыға көзбен көріп, әсер қалдыратын ең ықпалды тілсіз коммуникация құралдарының бірі болып саналады. Осы әдістердің арқасында мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқыту әдістерін қолдануда өзінің ерекше келбетіне ие болып қана қоймай, сонымен қатар мағыналық толықтық пен нәзік толықтыққа ие болады.

Жесттер адамның ішкі ой-пікірін бейнелеуде маңызды рөл атқарып, педагог пен білім алушылар арасындағы көзбен көріп қабылдау негізіндегі байланысты реттеуші әрекеттерді қамтамасыз етеді. Бұл ретте олардың басты педагогикалық қызметтері ретінде төмендегілерді атауға болады:

- *интеллектуалдық және логикалық* – мазмұндық және мағыналық екпіндерді нақтылау, сондай-ақ оң немесе теріс ойлау реакцияларын білдіру;

- *эмоционалдық және ынталандырушы* – «сезім энергиясын» жеткізу арқылы оқушылардың көзқарасын жандандырып, олардың белсенді қатысуына ықпал ету [3].

Мимика – адамның тірі мінез-құлқын бейнелейтін, ішкі жан дүниесін қысқа да мәнді көріністер арқылы жеткізетін ерекше құрал. Ол бет бұлшық еттерінің қозғалысын икемді пайдалану арқылы жүзе-

ге асырылады және өзіндік мәнерлілікке ие болады. Мимикаға қатысты бірнеше маңызды функцияларды атап өтуге болады:

- *эмоционалды-мәнерлік* – түрлі психологиялық күйлерді, сезімдерді және олардың ерекшеліктерін сыртқы тұрғыда бейнелеу;
- *реттеушілік* – білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіне теріс ықпал етуі мүмкін жағымсыз эмоцияларды, көңіл-күйлерді жасыру немесе бейтараптандыру;
- *коммуникативті-операциялық* – педагогтың жеке қатысуын екі жақты шығармашылық үдерісте айқындай отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған қарым-қатынас формаларын ұйымдастыру.

Музыка мұғалімінің шешендік өнерін сипаттау барысында адамның дауысына аса мән берген жөн. Ол тәжірибелі, әрі өзіне сенімді лектордың сөз мәнеріндей, кәсіби тұрғыдан аса маңызды феномен болып табылады. Бұл тұста дауыстың тембрі көбінесе қимыл мен дыбыстың, сөз бен мимиканың өзара мәнерлі ауысуларын қамтамасыз етіп, педагогикалық ықпалдың әсерлілігін арттырады.

Сөйлеушінің дауысы оның тұлғалық саласында болып жатқан барлық өзгерістердің: көңіл-күйдің, психологиялық жағдайлардың, қоршаған шындықтағы құбылыстар мен фактілерге эмоционалды бағалау қатынасының тікелей көрсеткіші болып табылады. Атап айтқанда, бұл мектептегі музыка сабағының атмосферасын қалыптастырудағы маңызды сәт болып саналады. Бұл жағдайда мұғалімнен музыкалық материалды ауызша да, көрнекі түрде де жеткізу барысында айрықша күш-жігер талап етіледі. Мұндай әрекет оның кәсіби-сөйлеу дайындығының жеткілікті деңгейін қажет етеді. Шешендік өнердің жалпы қағидаларына сәйкес келуі керек.

Оқытушының сөзі – монолог болсын, диалог болсын – шешендік өнердің жалпы принциптеріне сай болуы керек. Атап айтсақ: тілдік нормаларды дұрыс қолдана білу, сөздік қор мен фразеологизмдердің байлығы, ауызша баяндаудың қысқа да, әрі ықшамды болуы, мазмұнның анықтығы мен дәлдігі, оқу материалының дыбысталуындағы эмоционалды әсер, сонымен бірге тілдік мәнерліліктің бейнелі құралдарын – аллегорияларды, мақал-мәтелдерді және басқа да салыстырмалы-метафоралық тәсілдерді еркін игеру [8].

Ұлы Абай шешендік өнердегі әдемі сөйлеуді ерекше бағалап, сөз өнерін шексіз бояулармен құбылған тауыс қауырсындарымен салыстырады. Шешен-ақын тіл пәрменділігін көтеретін, қиялдауды дамытатын, өмірде кездесетін құбылыстарға деген қарым-қатынасқа мән беріп, қоршаған орта болмысын тереңдете түсіндіретін мақалдар, жаңылтпаш, афоризмдер сияқты сөз өнері жанрларының танымдық мағынасына ерекше көңіл аударды.

Музыка сабағының жетістігі – мұғалімнің материалды логикалық тұрғыда жеткізе алуына, мәнерлі де анық және таза дикциясына, дыбыстың тембрлік құралдарын дұрыс пайдалана білуіне, музыкалық дыбыстың күшін, биіктігін, ұзақтығын, бояуын түрлендіре алуына және осыған сәйкес дауыс интонациясын құра білуіне байланысты.

Музыканы оқытудағы озық тәжірибелер музыка мұғалімінің сабақ беру барысында қолайлы психологиялық ахуалды, ауызекі сөздің мүмкіндігін барынша арттыратын жалпы атмосфераны құруға ерекше көңіл бөлуі керектігін көрсетеді. Л.С.Выготскийдің пайымдауынша, лекторлық және орындаушылық шеберліктің негізінде шешендік өнер мен актерлік қабілеттердің үйлесімділік бірлігі жатыр. Ғалымның пікірінше, «адамның ойы сөйлеу барысында дамиды» [9].

Осы тұста бірлескен авторлардың пікірлерін де келтіре кетейік. Университет оқытушылары да осы аспектіде сөздердің күшті ықпалын пайдалануы тиіс: сөз сөйлеу алдында толқып тұрған білім алушыларды тыныштандыру және немқұрайлы білім алушыларды жігерлендіру. Сахнадан қорқу сияқты жағдайда ситуацияны мақсатты түрде ұсыну әдісін пайдалану орынды [10, 31].

Нәтиже мен талқылау. Өнер мамандықтары жоғары мамандандырылған (узко-специализированные) болып саналатындықтан, әр топта дәрістерге де, практикалық сабақтарға да 25 студент қатысады. Сондықтан біздің жағдайымызда алдын-ала зерттеліп отырған проблеманың төңірегінде таңдап алынған топтың 25 студентімен практикалық сабақ кезінде сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – студенттердің зерттеу мәселесімен қаншалықты жақсы таныс екенін анықтау. Сауалнама нәтижелері студенттердің шешендік өнер, оның ішінде педагог-музыканттың педагогикалық техникасы ретіндегі шешендік өнер туралы сұрақтарға жауаптарды жеткілікті түсінбейтінін көрсетті. Яғни, сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігі толық жауап бере алмады. Тек олардың кейбіреулері (шамамен 20%) ғана: «нақты сөйлей білу», «музыкалық іс-әрекетті меңгеру», «сабақты өткізгендегі сөйлеу мәдениеті» және т.б. келтірді.

Осыған орай, мектептегі педагогикалық практика кезінде студенттермен музыка мұғалімінің педагогикалық техникасы ретіндегі шешендік өнерге қатысты сұхбат жүргізілді, онда мынадай сұрақтар қойылды:

- «Шешендік өнер» дегеніміз не?
- Музыка мұғалімінің шешендік өнері қандай болуы тиіс?
- Музыка мұғалімінің шешендік өнеріне қойылатын талаптар қандай?

Осы сұхбаттан алынған нәтижелерді талдау барысында студенттердің берген жауаптарынан алшақтықты көрдік. Мысалы, бірінші сұраққа жауап ретінде «жақсы сөйлеу», «шешендік» деген жауаптар берілді. Екінші сұраққа келгенде, студенттер нақты жауап бере алмады, себебі олардың көпшілігі (61%)

педагог-музыканттың шешендік өнеріне қойылатын талаптардан бейхабар болды. Тек аз ғана бөлігі (14%) шешендіктің айқындылығы, бейнелілігі, эмоциялығы мен сезімталдығы сияқты қасиеттерді атап өтті. Үшінші сұрақ та білім алушыларға қиындық тудырды. Сұхбатқа қатысқан студенттердің кейбірі (10%) «көркем сөйлеу», «өнерпаздық», «сезімталдық», «әрекет еркіндігі» және т.б. сияқты жауаптар берді.

Әрі қарай студенттер бейне таспаға жазып алынған қазіргі таңдағы жаңашыл музыка мұғалімдерінің өткізген бірнеше сабақтарын көріп, талқылап, өз ойларын ауызша ортаға салып қарастырды. Бұл тұста жиі кездесіп отыратын түрлі ситуациялар ескеріліп, педагог-музыканттың педагогикалық техникасы ретіндегі шешендік өнерді оқу үрдісінде студенттермен қалай қолданылып жүргендері жайлы айтылды.

Сонымен алынған нәтижелерден байқағанымыз, білім алушылардың біразы берілген тапсырмаларды орындай алмады, өйткені олар бұл тапсырмаларға жалпы дайын емес екендігін көрсетті. Мысалы, материал мен анықтамаларға байланысты өз ойларын жеткізуде олар қиналғандарын сезінді. Соған қарамастан бұл тақырыптарға білім алушылар қызығушылық танытып, көбірек білгісі келді.

Алдын-ала бастапқы кезеңде білім алушылардың білімдерін тексерген кезімізде әр топ деңгейлерінен байқағанымыз: жоғары топ – 3 (8,6%); орта топ – 11 (50,4%); төменгі топ – 11 (41%).


Осындай нәтижелерден кейін зерттелетін проблемаға байланысты білімді жақсарту мақсатында практикалық сабақ ұйымдастырылды, бұл сабақты бастамас бұрын білім алушылармен жоғарыда келтірілген теориялық мағлұматтарды тағы да қайталап, пысықтадық.

Практикалық сабақта студент А. «Педагог-музыканттың шешендік өнері» атты баяндама дайындап оқыды. Содан соң баяндаманы талқылау барысында білім алушыларға төменгідей сұрақтар қойылды: «Атақты қазақтың шешендерін атаңыз?», «Қазақтың мақал-мәтелдерін қолдану шешендік өнерге жатқызыла ма?», «Педагог-музыкант үшін шешендік өнерді меңгеру қажет пе?».

Сонымен қатар, практика кезінде студенттерге өздерінің жүргізген музыка сабақтарында сөздік қорларын қаншалықты тиімді қолданғанын талдау мақсатында аннотация жазу тапсырылды. Мұндай әдісті пайдалану болашақ педагог-музыканттың педагогикалық техникасы ретінде шешендік өнерді меңгеруде қателіктер жіберуден аулақ болуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, студент С. сабақты дайындап және оны өткізу барысында тек музыкалық шығарманы орындап қана қоймай, сонымен бірге қолданған туындылары жөнінде әңгімелеп, пікір бөлісіп, музыканың әсер ету күшінің мүмкіндігін сөз арқылы жеткізуге тырысты. Осы тұрғыда студенттің мәнерлі де орынды, көркем әрі әсерлі әңгімелеуі оқушыларды баурап алып, олардың музыканы тыңдау және бағалау қабілеттерін дамытты. Сонымен қатар, бұл оларды ойлануға, талдауға және салыстыра білуге жетеледі. Осындай пікірталастардың нәтижесінде білім алушылардың пөнге деген қызығушылықтары артып, музыканы талдауда елеулі жетістіктерге жетті.

Одан кейін біз студенттерден бұрынғы қойылған сұрақтарды, сұхбаттарды қайталап сұрап, сауалнама жүргіздік. Жауап беру барысында студенттердің көптеген теориялық ұғымдарды еске түсіре отырып, материалды меңгергендігі байқалды. Яғни олар сенімді және қиындықсыз жауап берді.

Сонымен қатар, практика кезінде студенттер музыка сабағының тақырыбына байланысты мақал-мәтелдерді, афоризмдерді және басқа көркем шығармалардан алынған үзінділерді еркін қолданып, оларды өз жауаптарына кіріктіре білді. Олар сондай-ақ басқа студенттер жүргізген сабақтардағы кемшіліктерді анықтап, түзете алды. Осылайша, мұндай сабақтарды өткізгеннен кейін қол жеткізілген нәтижелер сәтті болды деп айтуға болады. Атап айтқанда, бастапқы кезеңде қарастырылған мәселе бойынша берілген жауаптарға қатысты мынадай нәтижелер алынды: жоғары топ – 9%, орта топ – 50%, төмен топ – 41%. Кейінгі нәтижелер: жоғары топ – 27%, орта топ – 58%, төмен топ – 15% (Диаграмма 1).



Диаграммдан байқағанымыздай, төмен деңгей 26%-ға азайғанын, ал жоғары деңгей 18%-ға артқанын байқауға болады.

Қорытынды. Олай болса, білім алушыларға музыканы сөз арқылы жеткізетін ойлар, идеялар, сезімдер олардың қызығушылығын оятып, ерік-жігерін жұмылдырып, музыкалық есту қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Музыка мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі – алған білімдері негізінде меңгерген сөйлеу шеберлігін, яғни шешендік өнерді үнемі жоғары деңгейде ұстап тұру. Тек сонда ғана білім алушылардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға болады. Әдетте, кез келген педагог-музыканттың шешендік өнері ұзақ уақыт бойы жинақталған білімдері, іскерліктері мен дағдылары негізінде қалыптасып дамиды. Тәжірибесі мол, білімі зор, көп дағдыланған педагог-музыканттың шешендік өнері де сапалы болуы тиіс. Демек, сабақта музыка тыңдау, талдау, түсіндіру және қорытындылау сияқты іс-әрекеттердің тиімділігі музыка мұғалімдерінің көпшілік алдында сөйлеу дағдыларына, яғни олардың шешендігіне, икемділігіне және шығармашылығына байланысты.

«Сөздер – ойдың нұры», – деп Лев Толстой дұрыс айтқан. Сөздер мен ойлар сиқырлы күшке ие: олар сезімдердің тазалығын сақтайды, адам психикасын дамытады, музыкаға деген қызығушылықты арттырады және күшейтеді.

Бұл мақаламызда біз болашақ музыка мұғалімдерінің шешендік өнерді қалай пайдалану керек едістерін келтіре отырып, өзіндік оң зерттеу нәтижелерін ұсынамыз. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы педагогикалық пәндер бойынша сабақтарда, оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.

Қорытындылай келе, болашақ музыка мұғалімі үшін білім беру процесінде шешендік өнердің педагогикалық техника ретіндегі мағынасы мен мазмұнын теориялық талдау логикалық қорытынды жасауға мүмкіндік береді: тек музыка мұғалімінің сөзі эмоция мен музыкаға деген сүйіспеншілікке толы болғанда және музыканы түсінуді үйрету ниеті айқын және шынайы болғанда ғана зерттеу нысаны – білім алушылардың мәдениеті – жоғары деңгейде болады – бұл болашақ музыка мұғалімдері үшін қажетті сапа.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Сыздықова Р.С. Сөздер сөйлейді** [Мәтін] / Р.С. Сыздықова. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
- 2 **Бахтин М.М. Автор и герой в эстетическом событии** [Текст] / М.М. Бахтин. – Москва: Центр гуманитарных инициатив, 2020. – Т.1. – 544 с.
- 3 **Ахметова А.К. Ораторское искусство как часть педагогической техники учителя музыки** [Текст] / А.К. Ахметова // «Проблемы педагогики» – №9(20). – Москва: «Олимп», 2016. – С.5–12.
- 4 **Аристотель. Сочинения: В 4 т.** [Текст] / ред. и авт. вступ. И.Д. Рожанский – Москва: Мысль, 1981. – Т. 3. – 613 с.
- 5 **Бадмаев Б.Ц. Психология обучения речевому мастерству** [Текст] / Б.Ц. Бадмаев, А.А. Малышев. – Москва: Владос, 2002. – 224 с.
- 6 **Головин Б.Н. Основы культуры речи: учебник для вузов по специальности «Русский язык и литература»** [Текст] / Б.Н. Головин. – Москва: Высшая школа, 1988. – 2-е изд., испр. – 320 с.
- 7 **Лихачев Б.Т. Педагогика: курс лекций** [Текст] / Б.Т. Лихачев. – Москва: Гуманитарное издательство, центр ВЛАДОС, 2010. – 647 с.
- 8 **Держималиева Р.Р. Культура речи как важнейший компонент педагогической техники учителя музыки** [Текст] / Р.Р. Держималиева // Сборник статей конференции «Наука как движущая антикризисная сила» – 15-16 января 2016 года. – Санкт-Петербург: Изд-во: «КультИнформ Пресс», 2016. – 59–61 с. [Электронный ресурс]- URL: <http://arbir.ru/miscellany/U18S877E56840> (дата обращения: 30.04.2025).
- 9 **Выготский Л.С. Мышление и речь. Психология искусства. Вопросы детской психологии** [Текст] / Л.С. Выготский. – М.: Эскмо, 2024. – 848 с.
- 10 **Narikbaeva L., et al. Creativity and emotional intelligence development of future music teachers** [Text] / L. Narikbaeva, et al. // *ArtsEduca.* – 2023. – No. 35. – P. 23–34. DOI: 10.6035/artseduca.7002.

REFERENCES:

- 1 **Syzdykova R.S. Sozder sojlejdi** [Words speak]. Almaty, El-shezhire, 2014, 412 p. (In Kazakh)
- 2 **Bahtin M.M. Avtor i geroj v e'stetcheskom soby'tii** [Author and hero in an aesthetic event]. Moscow, Centr gumanitarny'h iniciativ, 2020, 544 p. (In Russian)
- 3 **Ahmetova A.K. Oratorskoe iskusstvo kak chast' pedagogicheskoy tehniky uchitelya muzy'ki** [Oratory as part of the pedagogical technique of the music teacher]. *Problemy' pedagogiki*, 2016, no. 9(20), Moscow, Izdatel'stvo Olimp, pp. 5–12. (In Russian)
- 4 **Aristotel'. Sochineniya: V 4 t.** [Aristotle. Written works: In 4 volumes]. Edited by I.D. Rozhanskij, Moscow, My'sl', 1981, 613 p. (In Russian)
- 5 **Badmaev B.C. Psihologiya obucheniya rechevomu masterstvu** [Psychology of teaching speech skills]. Moscow, Vlados, 2002, 224 p. (In Russian)

6 **Golovin B.N. Osnovy' kul'tury' rechi: uchebnik dlya vuzov po special'nosti «Russkij yazyk i literatura»** [Fundamentals of speech culture: a textbook for universities majoring in Russian language and literature]. Moscow, Vysshaya shkola, 1980, 335 p. (In Russian)

7 **Lihachev B.T. Pedagogika: kurs lekcij** [Pedagogy: lecture course]. Moscow, Gumanitarnoe izdatel'stvo, centr VLADOS, 2010, 647 p. (In Russian)

8 **Dzherzhimaleva R.R. Kul'tura rechi kak vazhnejshij komponent pedagogicheskoy tehniki uchitelya muzyki** [Culture of speech as the most important component of the pedagogical technique of a music teacher]. *Sbornik statej konferencii «Nauka kak dvizhushhaya antikrizisnaya sila»*, January 15-16, 2016, Saint Petersburg, Izdatel'stvo «Kul'tInform Press», 2016, pp. 59–61. Available at: <http://arbir.ru/miscellany/U18S877E56840> (accessed 30 April 2025). (In Russian)

9 **Vygotskii L.S. Myshlenie i rech'. Psihologiya iskusstva. Voprosy' detskoj psihologii** [Thinking and speech. The psychology of art. issues of child psychology]. Moscow, Eskmo, 2024, 848 p. (In Russian)

10 **Narikbayeva L., et al. Creativity and emotional intelligence development of future music teachers.** *ArtsEduca*, 2023, 35, pp. 23-34. DOI: 10.6035/artseduca.7002.

Авторлар туралы мәліметтер:

Жақаева Салтанат Әнуарбекқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қ., Бородина көш., үй 80/1, тел.: 87758225078; e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.

Нарикбаева Лора Мақсұтқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Эстрада оркестрінің аспаптары» кафедрасы, «Музыкалық өнер» факультеті, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Панфилов көш., үй 127, тел.: 87013148364; e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Ахметова Аймақұл Қадірбайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасының доценті, Орталық Азия Инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, 160023 Шымкент қ., Быковский көш., үй 54, тел.: 87051539433; e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.*

Айсина Сұлушаш Теміртайқызы – педагогика магистрі, «Өнер» кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., үй 105, тел.: 87772793597; e-mail: sulu_aisina@mail.ru.

Жақаева Салтанат Ануарбековна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Бородина, 80/1, тел.: 87758225078, e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.

Нарикбаева Лора Максұтовна – доктор педагогических наук, профессор кафедры инструментов эстрадного оркестра, факультет музыкального искусства, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Панфилова 127, тел.: 87013148364, e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Ахметова Аймақұл Кадирбаевна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры музыки, профобучения и дизайна, Центрально-Азиатский Инновационный университет, Республика Казахстан, 160023, г. Шымкент, ул. Быковского 54, тел.: 87051539433, e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.*

Айсина Сұлушаш Теміртайқызы – магистр педагогика, старший преподаватель кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 105, тел.: 87772793597, e-mail: sulu_aisina@mail.ru.

Zhakayeva Saltanat Anuarbekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 80/1 Borodin Str., tel.: 87758225078; e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.

Narikbayeva Lora Maxutovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of instruments of the variety orchestra, Faculty of musical art, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 127 Panfilov Str., tel.: 87013148364; e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Akhmetova Aimkul Kadirbayevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of music, vocational training and design, Central Asian Innovation University, Republic of Kazakhstan, 160023, Shymkent, 54 Bykovskiy Str., tel.: 87051539433; e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.*

Aissina Sulushash Temirtayevna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 105 Tauelsizdik Str., tel.: 87772793597; e-mail: sulu_aisina@mail.ru.